

**Алматы құрылыс – техникалық колледжінің
I,II бағам студенттерінің жалпы ата – аналар жиналысы.**

Хаттама №1

Өткізілген күні: 29 қаңтар 2016 жыл

Қатысқан ата-аналар саны: 166

Әкімшілік: 10

Өндірістік оқыту шеберлері, оқытушылар: 44

Топ жетекшілері: 28

Күн тәртібі:

1. Колледж директоры Нұрмұханбетов Ы.М. 2015 жылғы жүргізілген оқу-тәрбие жұмысы туралы және қаржы-шаруашылық істер жөніндегі есебі.

Тыңдалды:

1. Нұрмұханбетов Ы.М. ең алғаш 2015 жылы атқарылған оқу –тәрбие жұмыстарына тоқталды. Бұл жерде қазіргі әлемдегі және Қазақстандағы экономикалық жағдайға тоқтала келе, болашақта жұмысқа орналасудың қиындауы мүмкін екендігіне, бір ғана мамандықтың аздық ететініне, әрбір студенттің өз мамандығының хас шебері болуы керектігіне тоқталды. Осы тұрғыда колледжде не істеліп жатқаны туралы (үш ресурсты орталық бар, жақында тағы біреуі ашылады, курстық оқу бар т.б.) қандай мүмкіндіктер бар екені айтылды. Мысалы: осы жерде оқи жүріп, біздің студенттер арзан бағамен қосымша мамандық ала алады немесе біліктілігін жоғарылатуына болады, өндірістік –практикалық оқыту кезінде белсенді болу керек және т.б.
2. Өкімет тарапынан көрсетіліп жатқан әлеуметтік көмек жайында (ақысыз ыстық тамақ, шәкіртақы, киім және т.б.), «Оңай» электрондық карта жайында айтылды. Колледждегі студенттердің саны туралы, үлгерім сапасы, алдағы оқу графигі туралы айтылды.
3. 2015 жылғы қаржы және шаруашылық жөнінде толық мағлұмат берілді. Соңынан ана-аналармен тікелей сұрақ жауап өткізілді:

1. №73 топ студенті Идеятолла Нығметтоланьың ата-анасы Азизқызы Фатиманың төлем-ақы квитанциясын жоғалтып алғаны туралы сұрақ қойды. Бұл сұраққа колледж есепшісі Бекбаева Г.Г. нақты жауап берді.

2. №67 топ студенті Ерназар Ержанның анасы Тұрсынбаева Аселдің менің баламның таңдаған мамандығы «Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», бірақ менің балам «Автоэлектрик» мамандығын алып шыққысы келеді. Ал бұл сұраққа колледж директоры Нұрмұханбетов Ы.М. жалпы біз «Автокөлік жөндеуші» мамандығы бойынша

оқытамыз. Ал біліктіліктері: автокөлік жөндеуші, автокөлік электригі т.б. болып бөлінеді деп нақтылай жауап берді.

3. №67 топ студенті Болатханов Елдостың анасы Ахметова Айнұр колледж әкімшілігіне өз алғысын білдірді.

Тұжырым:

Алматы құрылыс – техникалық колледжінің жалпы ата – аналар жиналысының қаулысы:

Алматы құрылыс – техникалық колледжінің жүргізілген жұмыстарына жақсы деп баға берді.

Төраға: _____ Нурмуханбетов Ү.М.

Директордың ТІЖ орынбасары _____ Рахметулла А.М.

Хатшы: _____ Басшибаева А.

Алматы құрылыс – техникалық колледжінің директоры Ы. М. Нұрмуханбетовтың 2015 оқу жылындағы бюджеттен бөлінген қаржыны жұмсау есебі :



Алматы құрылыс - техникалық колледжінің директоры Нұрмуханбетов Ы.М. 1 сұрақ бойынша бюджеттен бөлінген қаржылардың санын атап өтті, қандай мақсатта жұмсалғаны туралы есеп берді. Оның ішінде шәкіртақы, еңбекақы, салық, коммуналдық төлем, концелярлық заттар, әлеуметтік салыққа неше қаржы жұмсалғаны туралы айтылды.

Өндірістік оқыту сабақтарына жұмсалған материалдарға қаржылай неше ақша кеткені туралы есеп берді.

Алматы құрылыс-техникалық колледжінің директоры Нұрмуханбетов Ы.М. колледжде жылу жүйелері , шатырға күрделі ауыстыру жұмыстары жүргізілгені туралы атап өтті . Екінші мәселе бойынша күрделі жөндеу жұмыстар жүргізілгені туралы , едендердің толық ауыстырылғаны туралы толықтай мәлімет берілді. ІІ-ші бағам студенттерінің ата-аналарына алдағы болатын емтихандары туралы айтып өтті.

Соңынан сөйлеген ата-аналар өз ризашылықтарын, алғыстарын білдіріп, өздерін толғандыратын сұрақтарын қойып, ол қойылған сұрақтарына жауап алды.

Жиын қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді.



2015 жылдың 12 айы ішінде кіріс – **474571** тұрады.

Оның ішінде :

- бюджет – **457580**
 - арнайы есеп- **10851**
 - ақылы қызмет көрсету-**6140**
1. 12 айдың ішіндегі шығыс – **474571** құрады.
- Жалақы төлемі-**160715**
- Бюджет бойынша -**152261**
- Ақылы қызмет көрсету – **2818**
- Арнайы есеп бойынша – **56107**
- (жалақы, салық, өтемақы төлеу, әлеуметтік салық, әлеуметтік төлем,)
- ҚМКМ «Алматы құрылыс- техникалық колледжі» штаттық тізімдегі қызметкерлер – 224, оның ішінде педагогикалық қызметкерлер-151, қызмет көрсету жұмысшылары-23 адам.
- Бюджет пен арнайы есеп бойынша коммуналды төлемге – **120066**, оның ішінде жылу және ыстық су – 5615, суық су және кәріз жүйесіне – 1069, электрэнергиясына- 4180, интернет және байланыс қызметіне - 1202;
 - Бюджет бойынша шаруашылық заттары және инвентарға-4109,: шелек, қоқыс шелегі, сыпыртқылар, қалақтар, қолғаптар, еден жуатын құрал, әжетхана қағазы, иістендіру құралдары, жуғыш заттары, жуғыш ұнтақ, сұйық сабынға – 3794, жанармайға берілген талонға-315,
 - Арнайы есеп бойынша практикалық құралдарға , оқу бағдарламаларына-951,

- Концелярлық тауарларға – **3732**: оның ішінде: қаламдарға, қарындаштарға, дәптерлерге, жазу қағазына, көшірме қағазына, маркерлерге, фломастерлерге, гуашқа, өшіргішке, қыстырғыштарға, стиплерге, калькуляторлар, түрлі түсті қағаздар, ватман, сызғыштар, файл папкалары, скорошивательдер, теориялық және практикалық оқыту журналдарына, картридждерге, компьютер құралдарына, типтік оқу бағдарламалар жиынтығына, ақпараттық жүйеге, жалюздерге;
- Бюджет бойынша өндірістік оқыту мен спорттық инвентарьларға – 13070, соның ішінде арнайы киімдерге, ағаштарға, металдарға, бояуларға құрқак қосылғыштарға, гипсокардондарға, автобөлшектерге, электрқұралдарына, сантехникалық құралдар алынды.
- Арнайы есеп бойынша өндірістік оқытуға -**1296** соммада қажетті құрал-жабдықтар алынды.
- Колледждің әкімшілік оқу ғимаратының ағымдағы жөндеу жұмысына – **59962**, оның ішінде:
 - 1. Жылыту құбырларын ауыстыруға –(220 радиаторларды орнатуға, құбыр жүргізуге-920, су жүйесінің құбырларын ауыстыруға-80м), 640 кв болатын керамограниттық плиталарды төсеу және жабу жұмыстары, кермограниттық плинтустарды орналастыруға -333 п.м., бірінші оқу корпусының жөндеу жұмысына -792 ш.м -**19943,5** мың теңге бөлінді.
 - 2. Екінші оқу корпусының жөндеу жұмысына (сылақ, әрлеу жұмыстарына - 1234,5ш.м.): есіктерді ауыстыру -23 , медициналық кабинеттің жөндеу жұмысына (кафельді ауыстыру, қабырғаны бояу-389,7 ш.м) кермогранитті жабуды орнықтыру- 373,4 ш.м. кермограниттық плинтустарды орналастыруға-99,3м, болат радиаторларды орналастыру-75 секция, құбырды төсеу-28м,) осы жөндеу жұмыстары- **6020,0** мың теңгені құрады.
 - 3. Төбені жабу-121 ш.м., жарықтандыру құрылғысын орнату -13 тал, терезелерді ауыстыру-48 ш.м. баспалдақ таяныштарын ауыстыру-9 ш.м. - жұмыстары - **2358,5** мың теңгені құрады.
- Жетім балаларға -33 студентке, отбасылық жағдайы нашар -635 студенттерге **99 421 теңге** көлемінде тегін тамақ қарастырылған,
- Жетім балаларға қаржылай және материалды көмек көрсетуге – **1055** теңге, жол жүру жеңілдігіне **8208** соммада көмек көрсетілді.
- Студенттер шәкіртақысына-**71955**, оның ішінде жетім және қамқоршы қарамағандағы балалар-33 студент, озат және екпінді -391с;
- Бюджеттен қызмет көрсету жұмыстарына **17914** соммада ақша жіберілді: тәулік бойы ғимаратты күзетуге- 428, банк қызметіне -632, қоқыс шығаруға 434, медициналық қаралуға -250, өрт сөндіру іс-шараларына және видео байқауға-1056, бағдарламалық жабдықтандыруға-965, катридждерді құюға - 220, элеваторлық түйіндеу жылыту жүйесіне, техникалық қызмет көрсетуге-

238, ұялы қосымшаларды өңдеуге- 227, мүлікті бағалауға-198, кондиционерлерді орналастыруға -333, еңбекті қорғауды оқыту және жұмыс орындарын міндетті біліктіліктен өткізуге- 537, шамдарды қажетке жаратуға- 198, құрылғыларды жөндеу және алдын алу, электр жүйелері және жабдықтауға-576, сметалық құжаттарды дайындауға-192, дипломдарды дайындауға-311, БАҚ дағы жарнамаға-346, өрт сөндіргіш құралдарын қуаттауға -268, курс және семинар өткізуге -385, және т.б. қызмет көрсетулерге 1925;

- Арнайы есеп шығыны бойынша іс-сапарлық шығындарға – **1602**;
- - Институтционалды дамыту және іске асырудың «ҚР техникалық және кәсіптік білім беруді модернизациялау» жобасы аясында «Дәнекерлеу ісі» мамандығы - **11700** соммада қаржыландырылды.
- 3. 2016 жылдың 1 қаңтарында шығыс қалдығы 0,0 сомманы құрады.